



# Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесінің құқықтық негіздері

**(ПРАКТИКАЛЫҚ КУРС)**

*Нұр-Сұлтан, 2022 ж.*





# **Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесінің құқықтық негіздері (ПРАКТИКАЛЫҚ КУРС)**

---

*Подпригора Р.А., Қараев А.А., Құдайберген З.К., Сейітнұров А.Н.*

Нұр-Сұлтан, 2022 ж.

УДК 342  
ББК 67.400  
П68

Авторлары: Подопригора Р.А., з.ф.д. – кіріспе, 1-тарау, § 1,2,6 (З.К. Құдайбергеновпен бірлесіп), § 3,4,5 (А.Н. Сейітнұровпен бірлесіп), 2-тарау, § 3, қорытынды. Қараев А.А., з.ф.к. – 2-тарау, § 1,2. Құдайберген З.К., з.ф.м. – 1-тарау, § 1,2,6 (Р.А. Подопригорамен бірлесіп). Сейітнұров А.Н., з.ф.м. – 1-тарау, § 3,4,5 (Р.А. Подопригорамен бірлесіп).

Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесінің құқықтық негіздері (Практикалық курс) / Р.А. Подопригораның ред. – Алматы: Каспий университетінің Жария құқық ҒЗИ, 2022. 76 б.

ISBN 978-601-08-2632-8

Практикалық курста Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесінің негізгі мәселелері, оның ішінде осындай процестің нормативтік-құқықтық негіздері, кезеңдері, ондағы мемлекеттік органдардың өкілеттіктері, заң техникасының мәселелері қамтылады. Сондай-ақ авторлар заңдарға ұсыныстар дайындау бойынша практикалық ұсынымдар береді.

Басылым үкіметтік емес ұйымдардың өкілдеріне, сондай-ақ заң шығару процесі мәселелеріне қызығушылық танытатындардың барлығына арналған.

Бұл басылым Құқық үстемдігі бағдарламасы аясында Америка заңгерлер қауымдастығының Құқық Үстемдігі Бастамасы (ABA ROLI) және Каспий университетінің Жария құқық ҒЗИ дайындады.

УДК 342  
ББК 67.400



Құқық үстемдігі бағдарламасын Америка заңгерлер қауымдастығының Құқық Үстемдігі Бастамасы (ABA ROLI) іске асырады және халықаралық даму жөніндегі АҚШ Агенттігі (USAID) қаржыландырады.

Бұл басылым Америка Құрама Штаттарының даму Агенттігінің (USAID) көмегі арқасында дайындалды.

Авторлар ақпараттың мазмұнына тікелей жауапты, және де ол ақпарат USAID, ABA ROLI немесе Америка Құрама Штаттары үкіметінің пікіріне сай келмеуі мүмкін.

ISBN 978-601-08-2632-8



9 786010 826328

© Подопригора Р.А., 2022

© Қараев А.А., 2022

© Құдайберген З.К., 2022

© Сейітнұров А.Н., 2022

# МАЗМҰНЫ

---

Кіріспе.....	6
Қысқартулар тізімі.....	8
<b>1 т. Заң шығару процесінің жалпы мәселелері.....</b>	<b>9</b>
1.1. Заң шығару процесінің нормативтік-құқықтық негіздері....	9
1.2. Заң шығару процесінің кезеңдері.....	17
1.3. Үкіметтің заң шығару қызметі.....	22
1.4. Президенттің заң шығару қызметі.....	33
1.5. Парламенттің заң шығару қызметі.....	36
1.6. Үкіметтік емес ұйымдардың заң шығару процесіне қатысуы.....	45
<b>2 т. Заңдарды баяндауға, рәсімдеуге қойылатын талаптар.....</b>	<b>48</b>
2.1. Заң техникасының негіздері.....	48
2.2. Заңдарға қойылатын терминологиялық және лингвистикалық талаптар.....	55
2.3. Заңдарға ұсыныстар дайындау бойынша практикалық ұсынымдар.....	63
<b>Қорытынды.....</b>	<b>68</b>
<b>Әдебиеттер.....</b>	<b>70</b>
<b>Нормативтік құқықтық актілер.....</b>	<b>71</b>

## KIPICPE

---

Заң шығару процесі, кез келген құқықтық процесс сияқты, өздерінің, кейде бір-бірін жоққа шығаратын мүдделері бар әртүрлі субъектілер қатысатын күрделі құқықтық құбылыс болып табылады. Бұл процесте алуан түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени факторлар көрінеді.

Ең дұрысы, заң осы мүдделердің барлығын үйлестіріп, тиісті қоғамдық қатынастарды ең жақсы жолмен реттеп, адамның, қоғамның, мемлекеттің қажеттіліктерін ескеруі керек.

Бірақ бұған жету үшін, заң адресаттарына ерекше көңіл бөліп, аталған процеске барлық мүдделі тұлғаларды тарту, өз пікірін айту мүмкіндігін беру және қамтамасыз ету, заң шығару процесінің басқа қатысушыларының ұстанымына ден қою қажет.

Көп жағдайларда мүдделі талаптар мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдар болады (көбінесе үкіметтік емес деп аталатын), олар, өз кезегінде, азаматтық қоғамның қомақты бөлігі болып табылады. Осы жақын ғана арада – тарихи өлшеулер бойынша – азаматтық қоғам ұйымдары құқықтық реттеу нысандары болған, яғни олар нормативтік құқықтық негіздерді, соның ішінде олардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық негіздерді құруға ешқандай түрде қатыспаған.

Бірақ мемлекеттік және қоғамдық өмірдің демократиялануы, азаматтық сектордың дамуы мен нығаюы үкіметтік емес ұйымдар мемлекет белгілейтін барлық ережелерді үндемей қабылдайтын енжар субъектілер ғана болмау керек деген мәселені тудырады. Олар заң шығару процесіне белсенді қатысуы керек. Заң шығару процесіне қоғамдық қатысу және еліміздің құқықтық саясатына ықпал ету нысандарының алуан түрлілігін дамыту Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы Жарлығымен<sup>1</sup> бекітілген 2025 жылға дейінгі

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. 2020. № 33-34. 249-бет.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында азаматтық қоғамды дамыту қағидаттарының бірі ретінде белгіленген.

Заң шығару процесінде үкіметтік емес ұйымдардың мүдделері әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өтуге болады. Біріншіден, заңдар үкіметтік емес ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін тікелей қозғауы мүмкін. Екіншіден, заңдар олардың белсенділік танытатын әртүрлі қызмет салаларына қатысты болуы мүмкін. Үшіншіден, үкіметтік емес ұйымдардың заң жобалау жұмыстары барысында үлкен сұранысқа ие болуы мүмкін сараптамалық әлеуеті бар.

Өкінішке орай, көптеген үкіметтік емес ұйымдар заң шығару процесінің құрамдас бөліктері мен ерекшеліктерін, оған қатысу мүмкіндіктерін онша жақсы түсіне қоймайды.

Бұл практикалық құралдың мақсаты заң шығару процесінің негізгі мәселелерін, оның кезеңдері мен субъектілерін, үкіметтік емес ұйымдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін, заң техникасының негіздерін ашу болып табылады. Практикалық құрал ең алдымен заңгер болып табылмайтын азаматтық қоғам өкілдеріне арналған. Авторлар осындай бір құралда заң шығару процесінің барлық мәселелерін ашу қиын екенін түсінеді, бірақ өз міндеті ретінде заңдарды қабылдау процесінде не болатыны және оған қалай қатысуға болатыны туралы жалпы түсінік беруді жөн көрді.

Практикалық құралда Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілердің бір түрі болып табылатын заңдарды дайындау мәселелері ғана қозғалды.

Практикалық құралда қатыстырылған нормативтік құқықтық актілер 2022 жылғы 12 мамырдағы жағдай бойынша көрсетілген.

# ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

---

<b>ӘРПК</b>	2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
<b>ҚА туралы заң</b>	Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық ак- тілер туралы» Заңы
<b>БАК</b>	Заң шығару қызметінің мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия
<b>НҚА</b>	Нормативтік құқықтық актілер
<b>ҮЕҮ</b>	Үкіметтік емес ұйымдар
<b>ҮҚП</b>	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
<b>Үкіметтің заң шығару жұмысының қағидалары</b>	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңы шығару жұмысының қағидалары
<b>ЗҚАИ</b>	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақстан Ре- спубликасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты



# 1-ТАРАУ

## ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

---

### 1.1. Заң шығару процесінің нормативтік-құқықтық негіздері

Заң шығару процесі кез келген мемлекеттің қызмет етуіндегі ең маңызды процестердің бірі, ал заң шығарушы органдар мемлекеттік құрылымның ең маңызды бөлігі болып табылады. Олардың мақсаты, басқалармен қатар – қоғамдағы және мемлекеттегі мінез-құлықтың негізгі қағидаларын қалыптастыру.

Айта кетерлік жайт, қағидаларды биліктің әртүрлі тармақтарының (өкілеттік, атқарушы, сот) құрылымындағы басқа мемлекеттік органдар да қалыптастырады. Бірақ тек Қазақстан Республикасының Парламенті ғана маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін және заңдарда қамтылған қағидаларды қабылдауға құқылы. Тағы бір айта кететін жайт, заң шығару процесіне Парламент қана емес, басқа да мемлекеттік құрылымдар қатысады және олар туралы осы практикалық құралда айтылатын болады.

Мемлекет пен оның институттарының қаншалықты табысты дамитыны, оның шын мәнінде демократиялық, құқықтық және әлеуметтік болуы, халық, туризм немесе инвестициялар үшін тартымды болатыны көп жағдайда дәл заңдарға байланысты болады. Белгіленген және басқа да мақсаттарға жету үшін заңдардың бар болуы ғана жеткіліксіз екені анық. Мемлекетте заңдарды жүзеге асырудың құқықтық механизмі, дамыған құқықтық мәдениет, тиімді жұмыс істейтін мемлекеттік аппарат, тәуелсіз соттар болуы қажет.


Ал заңдардың өзі жоғары сапалы, яғни әділ, адамгершіл, ортақ игілікті көздейтін, халықаралық стандарттар мен қазақстандық мемлекет қабылдаған міндеттемелерге сай болуы керек. Оларды дайындау кезінде заңнамалық актілерде осыған көзделген барлық рәсімдер сақталуы тиіс.

Заң шығару процесі сондай-ақ мұндай актілердің иерархиясында түрлі орын алатын нормативтік құқықтық актілердің белгілі бір санымен реттеледі<sup>2</sup>.

---

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 10-бабын қараңыз // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2016. № 7-І. 46-бет.

## НҚА иерархиясы



## **1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы<sup>3</sup>.**

Құқық көздерінің ішінде Конституция ерекше орын алады. Ол ең жоғары заңды күшке ие, яғни барлық басқа заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден жоғары тұрады және Қазақстан Республикасының барлық жеке және заңды тұлғалары, сондай-ақ мемлекеттік органдары үшін міндетті болып табылады. Дәл Конституцияда биліктің үш тармағының: Қазақстан Республикасының Парламенті (заң шығару тармағы), Қазақстан Республикасының Үкіметі (атқарушы билік) және соттар (сот тармағы) жоғары органдары туралы негізгі ережелер көрсетілген.

Осы құралдың тақырыбын ескере отырып, жоғары заң шығарушы органның, яғни Қазақстан Республикасы Парламентінің мәртебесін реттейтін Конституцияның нормалары біз үшін негізгі қызығушылық тудырады. Конституцияның төртінші бөлімі Парламентке арналған, оған сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті Республиканың заң шығару билігін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді органы болып табылады. Құрылымы бойынша Парламент екі палаталы болып табылады, яғни жоғарғы палата – Сенаттан және төменгі палата – Мәжілістен тұрады.

Конституцияның жеке бабы (61-бап) тікелей заң шығарушылық мәселелеріне арналған.

Конституцияда сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардың заң шығарушылық мәселелері бойынша әртүрлі өкілеттіктері, заңдарды жариялау міндеттері және т.б. туралы айтылады.

## **2. Заңдар.**

ҚА туралы заңдағы заңдар деп аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негізгі қағидаттар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық актілер түсініледі. Мұндай қоғамдық қатынастардың тізбесі Конституцияның 61-бабының 3-тармағында қарастырылған.

---

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1996. № 4. 217-бет.

## **ЗАҢДАРМЕН РЕТТЕЛЕТІН ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТІЗІМІ:**

---

жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі, азаматтық құқықтары мен бостандықтары, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігі

---

меншік режимі және басқа да заттай құқықтар

---

мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік және әскери қызметтің ұйымдастырылуы мен қызметінің негіздері

---

салық салу, жиындар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеу

---

республикалық бюджет

---

сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелері

---

білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету

---

кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіру

---

қоршаған ортаны қорғау

---

Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы

---

мемлекеттің қорғанысын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету

---

## Қазақстан Республикасындағы заңдар бес түрлі болуы мүмкін:

- Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар;
- конституциялық заңдар;
- кодекстер;
- біріктірілген заңдар;
- қарапайым заңдар.

Нормативтік құқықтық актілер иерархиясында *Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар* бірінші орынды алады. Олардан кейінгісі – конституциялық заңдар (екінші орын); кодекстер (үшінші орын), біріктірілген заңдар және жай заңдар (төртінші орын).

### ***а) Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар.***

Бұл заңдарды мүмкіндігінше сирек қабылдау керек. Конституцияның бір белгісі – оның тұрақтылығы, сондықтан еліміздің негізгі заңының жиі өзгеріп тұруы орынсыз. Дегенмен, Қазақстанда Конституция қабылданғаннан бері мұндай алты заң (1998, 2007, 2001, 2017, 2019, 2022 жылдары) қабылданған.

Мысалы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен<sup>4</sup> Конституцияның 61-бабына заң шығарушылық мәселелері бойынша елеулі өзгерістер енгізілген.

### ***б) Конституциялық заңдар.***

Конституциялық заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша қабылданады. Мысалы, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы<sup>5</sup> осы

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2007. № 10. 68-бет.

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1995. № 21. 124-бет.

практикалық құрал тұрғысынан өте маңызды болып табылады. Осы заңның 15-20-баптарында Парламенттегі заң шығару процесінің мәселелері реттеледі. Тиісті ережелер Президент<sup>6</sup>, Үкімет<sup>7</sup> туралы конституциялық заңдарда да бар.

### **в) Кодекстер.**

Кодекстер – біртекті маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларын біріктіретін және жүйелейтін заңдар. Мысалы: экологиялық нормалар, әкімшілік құқық бұзушылықтар, денсаулықты қорғау және т.б. туралы нормалар. Осылайша, 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі<sup>8</sup> кәсіпкерлік субъектілерінің нормашығармашылыққа қатысу мәселелерін реттейді.

### **г) Біріктірілген заңдар.**

Біріктірілген заңдар ҚА туралы заңның 9-бабында (білім және ғылым, тұрғын үй қатынастары, сәулет және қала құрылысы және т.б) қарастырылған салалардағы, сипаты бойынша кешенді қоғамдық қатынастарды реттейді. Біріктірілген заңдар бүгінгі күні заң шығарушылық мәселелерін қозғамайды.

### **д) Қарапайым заңдар.**

Қарапайым заңдар басқа заңдар түрлерін реттеу затына кірмейтін аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді. Мысалы, осы құралда қаралатын мәселелердің көпшілігі ҚА туралы заңмен реттеледі.

Заң шығару процесін түсіну үшін бұл заң аса маңызды акт болып табылады. Ол кең ұғымдық аппаратты қамтиды. Ол заңдарды жоспарлау, әзірлеу, талқылау, қабылдау, күшіне ену, қолданысқа енгізу, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және басқа да көптеген мәселелерді реттейді.

<sup>6</sup> Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1995. № 24. 17-бет.

<sup>7</sup> Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңы // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1995. № 23. 145-бет.

<sup>8</sup> «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2015. № 20-II, 20-III. 112-бет.

### **3. Парламенттің пен оның Палаталарының нормативтік қаулылары.**

Парламент пен оның Палаталары заң шығару процесіне қатысты болуы мүмкін нормативтік құқықтық актілерді де қабылдайды. Мәселен, 1996 жылы 20 мамырда Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті қабылданды.<sup>9</sup> 1996 жылы 8 ақпанда Палаталардың әрқайсысына: Сенат<sup>10</sup> пен Мәжіліске<sup>11</sup> қатысты тиісті қаулылар қабылданды.

Регламенттерде – көптеген басқа мәселелермен қатар – заң шығару қызметі мәселелері де айқындалады.

### **4. Президенттің нормативтік құқықтық жарлықтары.**

Президенттің Жарлықтарында заң шығару мәселелері жиі реттеле бермейді. Бірақ бұл жағдайда да бөлек актілер кездеседі. Мысалы, Президенттің 2008 жылғы 11 наурыздағы жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ереже бекітілді.<sup>12</sup> Осы Ережеде Президент Әкімшілігінің заң шығару қызметі саласындағы өкілеттіктері айқындалады.

Сондай-ақ Президент өз жарлықтарымен заң шығару жұмыстарының тұжырымдамалық жоспарларын бекітеді.

### **5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілері.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі өз қаулыларымен заң жобалау жұмыстарының әр жылға арналған жоспарларын бекітеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің

---

<sup>9</sup> Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті (Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының 1996 жылғы 20 мамырдағы бірлескен отырысында қабылданған) // «Параграф» ақпараттық жүйесі. 2022 жылдың 12 мамырында алынды.

<sup>10</sup> Қазақстан Республикасы Сенатының Регламенті (Қазақстан Республикасының Сенатымен 1996 жылғы 8 ақпанда қабылданған) // «Параграф» ақпараттық жүйесі. 2022 жылдың 12 мамырында алынды.

<sup>11</sup> Қазақстан Республикасы Мәжілісінің Регламенті (Қазақстан Республикасының Мәжілісімен 1996 жылғы 8 ақпанда қабылданған) // «Параграф» ақпараттық жүйесі. 2022 жылдың 12 мамырында алынды.

<sup>12</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. 2008. № 12-13. 116-бет.

қаулысымен<sup>13</sup> бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде Үкіметтің заң шығару қызметі туралы арнайы тарау бар.

Осы практикалық құралда сондай-ақ жиі ескерілетін өте маңызды акт – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларын бекіту туралы» қаулысы<sup>14</sup>.

Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілер заңнамалық және заңға тәуелді актілерге бөлінеді. Барлық түрлеріндегі заңдар, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары заңнамалық актілерге жатады, ал Президент Жарлықтары мен Үкіметтің Қаулылары заңға тәуелді актілер болып табылады. Заң шығару процесінің мәселелеріне анда-санда және өте жанама әсер етуі мүмкін басқа да заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер бар екенін атап өткен жөн, мысалы, министрліктер мен ведомстволардың бұйрықтары. Осылайша, Әділет министрлігінің Регламентімен<sup>15</sup> нормативтік құқықтық актілердің, оның ішінде заңдардың жобаларын дайындау, рәсімдеу және келісу мәселелері айқындалады.

Жоғарыда аталған және басқа да нормативтік құқықтық актілердің барлығы заң шығару процесінің құқықтық негіздерін қалыптастырады. Бірақ заң шығарушылық қызметтің құқықтық негіздерін жетілдіру процесі бір орында тұрмайды. Атап айтқанда, 2022 жылғы 5 маусымда өткен референдум арқылы Қазақстан Республикасының Конституциясына, өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде заң шығарушылық мәселелерін қозғайтын өзгерістер енгізілді.

<sup>13</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы» қаулысы // Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. 2002. № 44. 443-бет.

<sup>14</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңы шығару жұмысының қағидалары» // Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. 2016. № 67. 462-бет.

<sup>15</sup> Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Регламентін бекіту туралы» // «Параграф» ақпараттық жүйесі. 2022 жылдың 12 мамырында алынды.



## ЗАҢ ШЫҒАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

- 01 Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 02 «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заң
- 03 «Құқықтық актілер туралы» заң
- 04 Қазақстан Республикасы Парламентінің Регламенті және де Парламент палаталарының Регламенттері
- 05 Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Регламенті
- 06 Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламенті
- 07 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларын бекіту туралы» қаулысы

### 1.2. Заң шығару процесінің кезеңдері

Заң шығару процесі – Конституцияда және заңдарда белгіленген заңдарды әзірлеу, қабылдау және қолданысқа енгізудің белгілі бір тәртібі. Заң қабылдау – асығыстықта жасауға болмайтын рәсім. Заңды әзірлеу туралы шешімнен оны нақты қабылдауға дейінгі жол көбінесе бір айдан астам уақытты алады. Бұл саладағы кез келген бастамашылық белгілі бір кезеңдерден өтуі керек.

***Заң шығару процесінің бірінші кезеңі – заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды жоспарлау.***

Бұл кезең Үкіметтің заң шығару бастамашылығын іске асыру шеңберінде жасалатын заң жобаларына тән. Бұл жоспарлау заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары негізінде жүзеге асырылады. Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары Қазақстан

Республикасы Парламентінің кезекті сайланымының мерзіміне қабылданады және Қазақстан Республикасы Парламентінің сессиялары шеңберінде заң жобалары дайындалатын Қазақстан Республикасы заңнамасының салаларын көрсетеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында Заң шығару жұмыстарының 2021-2026 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспары (Қазақстан Республикасы Парламентінің жетінші сайланымы)<sup>16</sup> бекітілген.

Осы жоспарды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарын бір жылдық мерзімге жасайды және бекітеді. Бұл жоспарды Әділет министрлігі әзірлейді, одан кейін ол Президентпен келісуге жатады.

Заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспары келесілерге сілтемелерді қамтуы керек:

- 1) әзірлеуі алдағы жылы күтілетін заң жобасының деңгейін, нысанын және реттеу нысанасын көрсететін оның атауы;
- 2) заң жобасын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу мерзімдері;
- 3) заң жобасын әзірлеуге жауапты органдар, ұйымдар және лауазымды тұлғалар.

Бұл кезең Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамашылығы ретінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне енгізілетін заң жобаларын дайындауға тарамайды.

### ***Екінші кезең – заң жобасын әзірлеу (дайындау).***

Осы кезеңнің ерекшеліктері келесі тарауда ашылады. Бұл кезең заң жобасын кім әзірлейтініне байланысты қатты өзгешеленеді. Бұл жағдайда Үкімет жұмысын реттеудің айтарлықтай жоғары дәрежесі және заң жобасын депутаттар немесе Президент дайындаған жағдайда әрекет етудің үлкен еркіндігі бар.

<sup>16</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 24 мамырдағы «Заң шығару жұмыстарының 2021-2026 жылдарға арналған тұжырымдамалық жоспары» жарлығы // Қазақстан Республикасы Президенті және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. 2021. № 27-28, 157-бет.

**Үшінші кезең – заң жобасын Парламентке ұсыну (заң шығару бастамашылығы).**

Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес, заң шығару бастамашылығы құқығы субъектінің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізуі заң шығару бастамашылығы болып табылады.

Заң шығаруға бастамашылық жасауға Қазақстан Республикасының Президенті, Парламент депутаттары және Үкімет құқылы.

Заң шығару бастамашылығы құқығы тек Мәжілісте ғана жүзеге асырылады.

**Төртінші кезең – Заңды Мәжілістің (Қазақстан Парламентінің төменгі палатасы) қарауы және қабылдауы.**

**Бесінші кезең – Сенаттың (Парламенттің жоғарғы палатасы) заңды қарауы және мақұлдауы.**

**Алтыншы кезең – заңның күшіне енуі.**

Заң Президент қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

**Жетінші кезең – заңның ресми жариялануы.**

Заңдарды міндетті түрде жариялау туралы талап Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген. Заңның алғашқы ресми жариялануы ол қолданысқа енгізілген (Президент қол қойған) күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде бір мезгілде қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

Заңдарға арналған ресми баспа басылым – Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. Ресми жариялауды конкурстық негізде мұндай құқықты алған мерзімді баспа басылымдар да жүзеге асырады. Соңғы жылдары мұндай басылым «Егемен Қазақстан» (мемлекеттік тілде) немесе «Казахстанская правда» (орыс тілінде) газеттері болып табылады.

Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде де электронды түрде (<http://zan.gov.kz/ru/>) жүзеге асырылады.

### **Сегізінші кезең – заңды қолданысқа енгізу.**

Қабылданып, күшіне енген және жарияланған актінің өзі біраз уақытқа дейін қолданыста болмауы мүмкін.

Егер заңдардың өзінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзгеше белгіленбесе, заңдар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Тиісті инфрақұрылымды дайындау, өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты ұзағырақ мерзімдер белгіленеді. Мысалы, 2020 жылдың 29 маусымында қабылданған Әкімшілік іс жүргізу кодексі<sup>17</sup> күшіне енгеннен кейін бір жыл өткен соң, 2021 жылдың 1 шілдесінде қолданысқа енгізілді. Осы уақыт ішінде әкімшілік соттар құрылды, судьялар тағайындалды, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жоғарыда аталған кезеңдердің әртүрлі рәсімдер мен жағдайларға қатысты өз ерекшеліктері болуы мүмкін. Заң шығару процесі жалпы тәртіптен ауытқулардың болуымен ерекшеленеді, мысалы, Сенат заң жобасының кейбір ережелерімен келіспесе немесе қабылданған заңды оның конституцияға сәйкестігін тексеру үшін Конституциялық кеңеске жіберу туралы шешім қабылдау кезінде Президент күмәнданса.

<sup>17</sup> «Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2020. № 13. 66-бет.

## ЗАҢ ШЫҒАРУ КЕЗЕҢДЕРІ:



ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ЖОБАЛАРЫН  
ДАЙЫНДАУДЫ ЖОСПАРЛАУ

ЗАҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ (ДАЙЫНДАУ)



ПАРЛАМЕНТКЕ (ЗАҢ ШЫҒАРУ  
БАСТАМАШЫЛЫҒЫ) ЗАҢ ЖОБАСЫН ЕНГІЗУ

МӘЖІЛІСТЕ ЗАҢДЫ ҚАРАУ  
ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ



СЕНАТТА ЗАҢДЫ ҚАРАУ ЖӘНЕ МАҚҰЛДАУ

ЗАҢНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІ



ЗАҢДЫ РЕСМИ ЖАРИЯЛАУ

ЗАҢДЫ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗУ



### 1.3. Үкіметтің заң шығару қызметі

Үкімет Қазақстан Республикасында атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Үкімет құрылымына әртүрлі министрліктер, оның ішінде заң шығару мәселелерінде өте маңызды құрылым болып табылатын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі кіреді.

Үкіметтің міндеттерінің бірі – Парламент қабылдаған заңдардың орындалуын қамтамасыз ету. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Үкіметтің өзі заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер шығарады, олар Конституцияға, заңдарға және иерархияда жоғары тұрған басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келуі тиіс.

Сонымен қатар, Үкімет заң шығару қызметіне де қатысады. Оның үстіне, бүгінгі күні Үкімет және оның құрылымына кіретін министрліктер басты заң әзірлеушілер болып табылады.

Үкіметтің заң шығару қызметіне қатысуы келесіден көрінеді.

#### 1. Заң жобалау жұмыстарын жоспарлау.

Жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстан Үкіметі өз қаулыларымен заң жобалау жұмыстарының әр жылға арналған жоспарларын бекітеді. Бұл жоспарлар өзгерістерге жиі ұшырайтынын мойындаған жөн.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарларын жасау кезінде мемлекеттік және өзге де органдардың, ұйымдардың, оның ішінде ғылыми ұйымдардың, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және өзге де мүдделі тұлғалардың ұсыныстары, құқықтық және қоғамдық мониторинг нәтижелері, консультативтік құжаттарды, заң жобалары тұжырымдамаларының жобаларын, сондай-ақ «Е-заңна-

ма» ақпараттық жүйесі арқылы алынған ұсынымдарды талқылау нәтижелері ескеріледі.

Сонымен қатар, Президент бекітетін Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының төрағаларына келісуге ұсынады.

## **2. Заң жобасын дайындау.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі және оның құрылымына кіретін министрліктер Президенттің немесе Үкіметтің заң шығару бастамашылығы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілетін заңдардың әзірлеушілері болып табылады.

Әртүрлі мемлекеттік органдар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар заң жобаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге немесе бастамашылық жобаларды ұсынуға құқылы. Мемлекеттік органдар оларды өздері әзірлейтін заң жобаларының негізі ретінде қабылдауы немесе оларды одан әрі әзірлеу және қабылдауды мақсатқа сай емес деп тануы мүмкін.

Заң жобасын дайындау келесі кезеңдерді қамтиды:

***а) реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын әзірлеу, оны мүдделі органдармен, ұйымдармен және мақсатты топтармен талқылау, орналастыру және жария талқылау.***

Қазақстан заңнамасында консультативтік құжат туралы нормалар жақында пайда болды. Олардың мағынасы – заң қабылдау қажеттілігін алдын ала бағалау, құқықтық реттеуді қажет ететін мәселе мен оны шешу жолдарын талдау және заң жобасына мүдделі мақсатты топтарды анықтау.

Консультативтік құжаттың нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң шығару жұмысының қағидаларына қосымшада берілген.

Консультативтік құжат жарияланып, талқылануы тиіс, ол үшін тиісті рәсімдер әзірленді. Мәселен, консультативтік құжат ашық НҚА интернет-порталында (<https://legalacts.egov.kz/>) және мемлекеттік органның интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылған. Егер консультативтік құжат азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына немесе міндеттеріне қатысты болса, әзірлеуші оны орналастыру туралы қоғамдық кеңестерге, ал консультативтік құжат кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын болса, Ұлттық кәсіпкерлер палатасына немесе сараптамалық кеңестерге хабарлауға міндетті. Бірінші де, екінші жағдайда да консультативтік құжат тиісінше қоғамдық кеңестермен, ҰКП немесе сараптамалық кеңестермен талқылануы тиіс.

Талқылау интернет-ресурстардың өзінде де, жария тыңдаулар мен пікірталастар барысында да жүргізілуі мүмкін. Мемлекеттік органдар мақсатты топтарға жария талқылауларға, жария тыңдауларға қатысу мүмкіндігі туралы хабарлауға міндетті.

Консультативтік құжатты жария талқылау нәтижелері бойынша әзірлеуші заңнамалық өзгерістер енгізу қажеттілігі немесе олардың жоқтығы туралы шешім қабылдайды.

#### ***б) заң тұжырымдамасының жобасын әзірлеу және талқылау.***

Консультативтік құжат негізінде заңнамалық актіні қабылдау қажеттігі туралы шешім қабылданған жағдайда, әзірлеуші орган Үкіметтің заң шығару жұмысының қағидаларында белгіленген нысан бойынша тұжырымдама жобасын қалыптастырады.

Заң тұжырымдамасының жобасы жария талқылау үшін, Заң жобалау қызметінің мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия мүшелерінің ұстанымдарын, қоғамдық кеңестердің, кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестердің, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қорытындыларын алу үшін ашық НҚА интернет-порталында (<https://legalacts.egov.kz/>) орналастырылады. Басқа мүдделі тұлғалар да ашық НҚА интернет-порталында тұжырымдама жобасы бойынша пікірлер қалдыра алады.



Егер Тұжырымдама жобасында кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеушілік әсер ету құралдары (рұқсаттар, хабарламалар, бақылау, қадағалау, жауапкершілік және т.б.) болса, онда Тұжырымдама жобасының реттеушілік әсеріне талдау жүргізіледі;

Талқылау нәтижелері бойынша тұжырымдаманың соңғы нұсқасы ашық НҚА интернет-порталында (<https://legalacts.egov.kz/>) орналастырылып, ВАК отырысына ұсынылады.

ВАК отырысында мақұлданғаннан кейін тұжырымдама жобасы тұжырымдамаға айналады және әзірлеушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуға жатады. Заң жобасының тұжырымдамасы консультативтік құжатпен бірге бұдан әрі заң жобасына міндетті қосымшалар болып табылады.

### ***в) заң жобасын әзірлеу.***

Заң жобасын әзірлеу – Үкіметтің заң шығару қызметінің орталық кезеңі.

Заң жобаларын әзірлеу тек олардың тұжырымдамалары негізінде және оларға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Заң жобасын әзірлеуді мемлекеттік орган дербес жүзеге асыруы мүмкін, оны ведомстволық бағынышты органдар мен ұйымдарға тапсыруы мүмкін немесе мамандарға, ҰКП-ға, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне, ғылыми мекемелерге, басқа да ұйымдарға, жекелеген ғалымдар мен ұжымдарға, оның ішінде шетелдік, осы мақсаттарға бөлінген бюджет қаражатын және гранттарды пайдаланумен, тиісті салалардағы сарапшыларға шарттық негізде тапсырыс беруі мүмкін.

Дербес дайындаған жағдайда әзірлеуші орган жұмыс тобын құрады немесе мұндай дайындықты өз бөлімшелеріне тапсырады.

Жұмыс тобына мақсатты топтардың өкілдері, заң жобасын дайындауға жауапты әзірлеушінің заң бөлімшесінің қызметкерлері, құзыретіне заң жобасын іске асыру үшін қабылданатын заңға тәуелді актілердің жобаларын әзірлеу кіретін мемлекеттік ор-

гандардың өкілдері және Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының қызметкерлері қатысуы міндетті болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобаларын әзірлеуге ҰКП және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері өкілдерінің қатысуы міндетті болып табылады.

Заң жобаларын дайындауға әртүрлі білім салаларының мамандары, ғылыми мекемелер мен басқа да ұйымдар, ғылыми қызметкерлер, коммерциялық емес және өзге де ұйымдардың өкілдері тартылуы мүмкін. Парламент депутаттары заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының жұмысына кез келген кезеңде қатысуға құқылы.

Заңды дайындау процесінде заңдармен реттелетін құқықтық қатынастарға байланысты ғылыми сараптама (құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, лингвистикалық, экономикалық және т.б.) жүргізу міндетті болып табылады. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми сараптамасын ғылыми мекемелер, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйым, қаралатын жобаның мазмұнына қарай ғалымдар мен мамандар қатарынан тартылған сарапшылар жүргізеді. Сараптама бір немесе бірнеше сарапшыға (сараптама комиссиясына) тапсырылуы мүмкін. Ғылыми сараптамалардың қорытындылары ұсыныстық сипатта болады.

Іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін заң жобасы міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобасына қатысты реттеушілік әсерге талдау жүргізіледі. Мұндай талдау барысында енгізілетін реттеушілік құралдың (рұқсаттар, хабарламалар, бақылау, қадағалау, жауапкершілік және т.б.) пайдасы мен залалы немесе реттеуді қатайту талаптары салыстырылады. Талдау мемлекеттік реттеу мақсаттарына келешекте жетуді бағалауға мүмкіндік береді. Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері реттеуші мемлекеттік органдардың жалпыға қолжетімді интернет-ресурстарында орналастырылады.

Заң жобасын әзірлеу кезінде әзірлеуші міндетті түрде ақпараттық сүйемелдеу бағдарламасының жобасын және заң жобасы бойынша түсініктемелерді әзірлейді. Мұндай бағдарламаның міндеті – жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасының заңнамасына дайындалып жатқан негізгі өзгерістерді кеңінен ашу.

Заң жобасының мәтінімен бірге заң жобасын іске асыру үшін қабылданатын заңға тәуелді актілердің жобалары әзірленеді және ілеспе материалдар қалыптастырылады.

Жұмыс тобының жұмысы аяқталғаннан кейін заң жобасы оған салыстырмалы кестемен (заңдарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда) және түсіндірме жазбамен бірге жария талқылау үшін НҚА интернет-порталында (<https://legalacts.egov.kz/>) және мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылады. Түсіндірме жазбаға әзірленген заң жобасының мәні мен мазмұнын көрнекі және түсінікті етіп көрсететін тұсаукесерлер, схемалар қоса беріледі.

Әзірлеуші мақсатты топтардың өкілдеріне, қоғамдық кеңес мүшелеріне, сарапшылық кеңестерге, ҰКП және ЗҚАИ-на заң жобасы ашық НҚА интернет-порталында орналастырылғаны туралы ескертеді және ұсынымдар, ескертулер, ұсыныстар немесе (сараптамалық) қорытындылар беруге шақырады. Қоғамдық кеңес, сарапшылық кеңестер, ҰКП және ЗҚАИ заң жобасына өз ұсынымдарын, (сараптамалық) қорытындыларын ашық НҚА интернет-порталында (<https://legalacts.egov.kz/>) мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын заң жобалары БАҚ-та міндетті түрде жариялануға (таратуға) жатады.

Әзірлеуші әлеуметтік маңызы бар жобаны әзірлеген жағдайда (егер жоба жеке адамның және жалпы қоғамның құқықтары мен мүдделерін тікелей немесе жанама түрде қозғайтын болса) жария тыңдаулар өткізе алады.

Дайындалған заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдар мен

ұйымдарға келісу үшін жіберіледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі келісу кезінде заң жобасына, оның ішінде заң жобасын жан-жақты зерделеу фактісін анықтауға және ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасының жобасына қатысты, Үкіметтің заң шығару жұмысының қағидаларына сәйкес қорытынды береді.

Егер Қазақстан Республикасының Президентімен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзгесі белгіленбесе, заң жобасы келісу үшін жіберілген мемлекеттік органдар мен ұйымдар қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде заң жобасы бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын дайындауға немесе олардың жоқтығы туралы заң жобасын әзірлеген әзірлеуші органға хабарлауға тиіс.

Заң жобасы мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісілгеннен кейін және Премьер-Министр Кеңесіне енгізілгенге дейін заң жобасы ашық НҚА интернет-порталында (<https://legalacts.egov.kz/>) орналастырылады және ол бойынша ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу қамтамасыз етіледі.

***г) Премьер-Министр Кеңесіне заң жобасын енгізу.***

Жоба материалдармен бірге (түсіндірме жазба, мемлекеттік органдармен келісу парақтары, консультативтік құжат, заң жобасының тұжырымдамасы, талқылау нәтижелері туралы анықтама, сараптамалар қорытындылары және т.б.) Премьер-Министр Кеңесіне енгізіледі.

Үкімет отырысының алдында заң жобаларының тұсаукесері жүргізіледі. Заң жобасының тұсаукесерін әзірлеуші мемлекеттік органның басшысы жүзеге асырады.

***д) заң жобасын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу.***

Әзірленген және тиісті түрде рәсімделген, Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы қол қойған заң жобасы Президент Әкімшілігінің келісуіне енгізіледі.

Президент Әкімшілігіне алдын ала келісу үшін енгізілетін заң жобалары мемлекеттік органдар арасындағы келіспеушіліктер жойылғаннан кейін ғана енгізіледі.

Заң жобасы Президент Әкімшілігіне ұсынылғаннан кейін, оны Президент Әкімшілігінің заң қызметі және басқа да мүдделі құрылымдық бөлімшелері, Мемлекет басшысының тиісті көмекшілері мен кеңесшілері пысықтайды.

Заң жобасы сараптамадан өткеннен кейін және заң қызметі, Президент көмекшілері мен кеңесшілері тиісті қорытындылар дайындағаннан кейін Әкімшілік Басшылығы қол қойған материалдар, берілген ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, одан әрі өңдеу үшін Премьер-Министрдің Кеңесіне жіберіледі.

### ***е) заң жобасына қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу.***

Заң жобасы Премьер-Министр Кеңесінің және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін қажет болған жағдайда оған қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізіледі.

### ***3. Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне енгізу.***

Үкімет заң жобаларын Мәжілістің қарауына заң жобалары бойынша Президент Әкімшілігі берген ескертулер жойылғаннан кейін немесе заң жобалары бойынша Президент Әкімшілігімен туындаған келіспеушіліктер жойылғаннан кейін енгізеді.

Үкіметтің бастамашылығы бойынша Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілген заң жобаларының түпнұсқаларына міндетті түрде қол қоятындар: заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның, Әділет, Ұлттық экономика және қаржы министрліктерінің басшылары, Кеңесінің Басшысы және Премьер-Министр (оның міндетін атқарушы тұлға).

Заң жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешім Үкіметтің тиісті қаулысымен рәсімделеді.

Заң жобасы Парламент Мәжілісіне енгізілгенге дейін Парламентте заң жобасын алып жүруге жауапты тұлғалардың жеке құрамы айқындалады, бұл ретте тізбеге әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы, заң жобасын әзірлеуге жауапты оның орынбасары енгізіледі, сондай-ақ, келісім бойынша, заң жобасына ғылыми сараптама жүргізген сарапшылар және басқа да мүдделі тұлғалар кіргізіледі.

#### **4. Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталарында қарау кезінде заң жобасын ұсыну және алып жүру.**

Үкімет уәкілеттік берген адамдар Мәжілісте заңның өтуін алып жүреді. Олар заң жобаларын ұсынады, жұмыс топтарына, комитет отырыстарына, жалпы отырыстарға қатысады, депутаттар енгізген түзетулер бойынша қорытындылар береді және т.б.

Үкімет заң жобасын қайтарып алуы мүмкін. Үкіметтің заң жобасын Парламенттен қайтарып алуы Үкімет қаулысымен жүзеге асырылады, оның жобасын заң жобасын әзірлеуші енгізеді және ол Президент Әкімшілігімен міндетті келісуге жатады.

Жоғарыда қарастырылған жалпы тәртіп, ең алдымен, Үкіметтің заң шығару бастамашылығы тәртібімен әзірленген заң жобаларына тән. Заңдар Президенттің заң шығару бастамашылығы тәртібімен әзірленген кезде, неғұрлым қысқа мерзімдер әрекет етеді, мемлекеттік органдармен келісу қажеттілігі үнемі бола бермейді. Мұндай заң жобаларына кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне немесе егер жоба мемлекеттік кірістердің қысқаруына не мемлекеттік шығыстардың ұлғаюына байланысты болған жағдайда, Үкімет қорытындысының болуына қатысты консультативтік құжаттарды әзірлеу және қабылдау бөлігіндегі талаптар тарамайды (бұл туралы толығырақ 2.4-параграфтан қараңыз).

Заңнамада сондай-ақ нақты заңдарға қатысты әртүрлі ерекшеліктер де белгіленген. Мысалы, консультативтік құжатты және заң жобасының тұжырымдамасының жобасын әзірлеуге қойылатын талаптар республикалық бюджет туралы заң жобаларына тарамайды. Бюджеттік саладағы кейбір заңдар сараптама жүргізу талабынан босатылады және т.б.

Үкімет заң шығарушылық қызметке басқа жолдармен де қатысады. Мысалы, Парламент депутаттары бастамашылық еткен заң жобалары бойынша немесе мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заң жобалары бойынша қорытындылар береді.

Жақында заңнамада нормативтік құқықтық актілерді дайындаудың пилоттық жобасы және оңайлатылған тәртібі туралы ережелер пайда болды.

Пилоттық жоба заң жобасында ұсынылған норманы сынап көру және тиімділік деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі. Егер заң жобасында ұсынылатын құқық нормасы алдын ала сынап көруді қажет етсе, онда бұл құқық нормасы ол қамтылған заңмен, оның белгілі бір қолданылу мерзімдерімен шектеледі. Мемлекеттік орган сыналатын норманың тиімділігін бағалауды жүргізеді және талдау нәтижелері бойынша норма мерзімі өткеннен кейін өз әрекетін тоқтатады немесе сыналған норманы қабылдау туралы заң жобасы әзірленеді.

Заң жобаларын дайындаудың оңайлатылған тәртібі конституциялық емес деп танылған заңдардың, оның ішінде Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдардың нормаларына қатысты қолданылады. Бұл жағдайда консультативтік құжатты және заң жобасының тұжырымдамасының жобасын әзірлеуге қойылатын талаптар қолданылмайды.

2022 жылғы 5 маусымда референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулерде халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында, Үкіметтің өз

жауапкершілігімен заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығы қарастырлығын. Бұл ереже Үкімет жоғарыда аталған мақсаттарда заң жобасын енгізген жағдайда және Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданылады.

Осы параграфта баяндалғандар Үкіметтің заң шығару қызметі көп қырлы екенін және көптеген мемлекеттік органдарды, ұйымдарды және қарапайым азаматтарды заң шығару процесіне тартумен байланысты екенін көрсетеді.

## ҮКІМЕТТІҢ ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ ЗАҢ ШЫҒАРУ БАСТАМАШЫЛЫҒЫ ТӘРТІБІМЕН

01



Заң жобалау жұмыстарын жоспарлау

02



Заң жобасын дайындау

03



Заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу

04



ҚР Парламентінің палаталарында қарау кезінде заң жобасын ұсыну және алып жүру



## 1.4. Президенттің заң шығару қызметі

---

Қазақстан Республикасының Президенті мемлекет басшысы ретінде ауқымды, оның ішінде нормашығармашылық саласындағы, өкілеттіктерге ие. Ол жарлықтар мен өкімдер нысанындағы нормативтік құқықтық актілерді өзі шығара алады.

Әртүрлі нысандарда Президент заң шығару қызметіне де қатысады. Конституцияға, заңдарға<sup>18</sup> сәйкес ол, атап айтқанда:

1. Заң жобалау жұмысының тұжырымдамалық жоспарын бекітеді.
2. Тиісті заң жобалары екі ай ішінде бірінші кезек тәртібімен қабылдануға тиіс екендігін білдіретін заң жобаларын қараудың басымдығын айқындайды.
3. Заң шығару бастамашылығы құқығына ие, яғни Мәжіліске заң жобаларын енгізетін субъектілердің бірі болып табылады.
4. Әртүрлі келісулер береді.
5. Заңдарға қол қояды.
6. Заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылауға және дауыс беруге қайтарады.
7. Заңға қол қояр алдында қабылданған заңдарды олардың Конституцияға сәйкестігін тексеру үшін Конституциялық Кеңеске жібереді.
8. Конституциялық Кеңеске күшіне енген заңның Республика Конституциясына сәйкестігін қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда (республикалық референдумға немесе Парламенттің қарауына енгізілген Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар) қорытынды беру туралы өтініш жолдайды.

---

<sup>18</sup> Мысалы, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңы өте маңызды болып табылады.

Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда (республикалық референдумға немесе Парламенттің қарауына енгізілген Республика Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар) қорытынды беру туралы өтініш жолдайды.

Президенттің қызметіне оның Әкімшілігі – Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін дербес мемлекеттік орган қызмет көрсетеді.

**Әкімшілік сонымен қатар заң шығару саласындағы әртүрлі өкілеттіктерге ие. Бұл орган, атап айтқанда:**

1. Заң жобаларын әзірлейді.
2. Заң жобаларының құқықтық және өзге де сараптамасын жүзеге асырады.
3. Президент бастамашылық еткен заңдарды Парламент Мәжілісіне енгізуді қамтамасыз етеді.
4. Парламентте Президент бастамашылық еткен заңдарды ұсынады.
5. Президентке қол қоюға ұсынылған Қазақстан Республикасы заңдарының құқықтық және өзге де сараптамасын жүзеге асырады.
6. Үкімет әзірлеген заңнамалық актілердің жобаларын Парламент Мәжілісіне енгізгенге дейін келіседі.
7. Президенттің шешімі бойынша заңдарды немесе олардың жекелеген баптарын қайта талқылау және дауыс беру үшін Парламентке қайтаруды қамтамасыз етеді.
8. Парламентте Президенттің мүдделерін, оның ішінде қол қоюға ұсынылған заңдарға қарсылықтар жөніндегі Президенттің Парламентте ұстанымын білдіреді.
9. Президент қол қойған заңдарды тіркеуді жүргізеді.
10. Президентті Парламенттегі заң шығару процесінің жай-күйі және онда қаралатын мәселелер туралы тұрақты түр-

де хабардар етеді, заң жобалары бойынша Президенттің ұстанымын түсіндіреді.

Тікелей заң жобаларын дайындауға келсек, Президенттің заң шығару бастамашылығы тәртібімен, Президенттің немесе Президенттің тапсырмасы негізіндегі Президент Әкімшілігі Басшысының тапсырмасы бойынша Парламент Мәжілісіне енгізілетін заң жобаларының әзірлеушілері Президент Әкімшілігі, Үкімет, олармен келісу бойынша басқа да мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтар болуы мүмкін.

Көбінесе мұндай заңдардың әзірлеушілері орталық мемлекеттік органдар болады.

Президенттің заң шығару бастамашылығы тәртібімен дайындалатын заң жобаларын әзірлеудің ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер 1.3-параграфта қарастырылған мерзімдермен және рәсімдермен салыстырғанда неғұрлым қысқа мерзімде және оңайлатылған рәсімдерде көрсетілген.

Мысалы, егер Президент өзгеше белгілемесе, заңды әзірлеу бір айлық мерзімде жүзеге асырылады.

Басқа мемлекеттік органдармен келісу Президент немесе оның Әкімшілігінің Басшысы белгілейтін жағдайларда жүзеге асырылады. Келісу мерзімі он жұмыс күнінен аспауы тиіс немесе одан да қысқа болуы мүмкін.

*Сонымен қатар:*

- заңда мемлекеттік кірістерді қысқарту немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайту көзделген жағдайларда Үкіметтің қорытындысы талап етілмейді;
- кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты консультативтік құжаттарды, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау ерекшеліктеріне байланысты рәсімдер (ҰКП және қоғамдық кеңестерді ескерту, жария талқылаулар және т.б.) қолданылмайды;
- ғылыми сараптама жүргізу міндетті емес болып табылады;

- егер заң жобасында мемлекеттік кірістерді қысқарту немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайту, заң әрекетінің ықтимал экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, экологиялық салдарларының болжамдары, сондай-ақ статистикалық деректер көзделген болса, қаржылық-экономикалық есептерді ұсыну талап етілмейді.

Заң жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешім (заң шығару бастамашылығы) Президенттің арнайы жолдауымен рәсімделеді.

Президенттің заң шығару процесіндегі елеулі өкілеттіктеріне қарамастан, ол оларды көбінесе Үкіметті және оның құрылымдарына кіретін министрліктерді тартумен жүзеге асырады. Әсіресе заң жобаларын тікелей әзірлеуге келгенде.

## 1.5. Парламенттің заңы шығару қызметі<sup>19</sup>


Заң шығару қызметі алдыңғы параграфтарда талқыланған Президент, Үкімет өте маңызды, бірақ, былайша айтқанда қосалқы жұмыстарды атқарады. Олар, Парламент депутаттары да сияқты, сапасыз заңдардың қабылдануына жол бермеуге арналған түрлі сүзгілерден өтіп, көптеген рәсімдерді сақтай отырып, жобалар дайындайды.

Бірақ жоба заң болады ма, жоқ па, жалпы алғанда заң шығару билігін жүзеге асыратын және заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілетті органы – Қазақстан Республикасының Парламентіне байланысты.

Жоғарыда атап өтілгендей, Қазақстан Республикасының Парламенті екі Палатадан – Сенаттан (жоғарғы) және Мәжілістен (төменгі) тұрады. Екі палата да заң шығару процесіне қатысады.

Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері, сондай-ақ Палаталардың бірлескен комиссиялары Қазақстан Республикасы Парламентінің жұмыс органдары болып табылады.

<sup>19</sup> 2022 жылғы 5 маусымда өткен референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген түзетулерге байланысты, осы бөлімде баяндалған кейбір ережелер заң шығару қызметінің мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы алдағы уақытта өзгертілуі мүмкін.



Сондай-ақ Сенат пен Мәжіліс жанынан Палаталардың қызметін ұйымдық, құқықтық, ақпараттық-талдау және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Аппараттар жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заң шығару бастамашылығы құқығына (яғни, заң жобасының мәтінін Парламентке ресми енгізу құқығына) Президент, Үкімет және депутаттар ие. Заң шығару бастамашылығы құқығы тек Мәжілісте

ғана жүзеге асырылады Осылайша, Парламент а) Президент; б) Үкімет және в) депутаттар әзірлеген және енгізген заң жобаларын қарайды. Сәйкесінше, бұл субъектілер заң жобаларының басты әзірлеушілері болып табылады. Әрине, заң жобаларын басқа да субъектілер, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдар да әзірлей алады. Бірақ оларды Парламентке жоғарыда аталған субъектілер ғана енгізе алады.

Парламенттегі заң шығару процесі екі негізгі кезеңнен тұрады:

- Мәжілісте қарау;
- Сенатта қарау.

Заңдар Мәжілісте қабылданып, Сенатта мақұлданады.

## ***1. Заң жобасын Мәжілісте қарау.***

### ***Заң жобасын Мәжіліске енгізу.***

Заң жобаларын Мәжіліске Президент (арнайы жолдаумен), Үкімет (Үкімет қаулысымен), депутаттар (ұсыну арқылы) енгізеді. Мемлекеттік кірістерді қысқартуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болған жағдайда ғана енгізілуі мүмкін. Бұл қағида Президент енгізетін заңнамалық актілердің жобаларына қолданылмайды.

Заңнамалық актінің жобасын енгізген заң шығару бастамашылығы құқығының субъектісі қараудың кез келген сатысында өз бастамашылығын қайтарып алуға құқылы.

Парламентке енгізілген заң жобасы тіркеледі және Мәжілістің қаулысымен тиісті комитетке (комитеттерге) алдын ала қарауға және қорытынды әзірлеуге жіберіледі. Егер заң жобасы екі немесе одан да көп комитеттерге жіберілсе, онда қаулыда бірінші болып көрсетілген комитет басшы болып есептеледі.

## **Комитетте қарау.**

Заң жобасын қарау және заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу тәртібін Палатаның тиісті комитеті дербес айқындайды.

Қорытынды дайындау үшін қажетті мерзім тапсырмада көрсетіледі және ол тіркелген заң жобасы тиісті комитеттерге және Палата Аппаратының заңнама бөліміне келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кем болмауы тиіс. Президент басым деп жариялаған заң жобасы бойынша қорытынды дайындау үшін неғұрлым қысқа мерзімдер белгіленеді (күнтізбелік отыз күннен аспайтын).

Комитет заң жобасымен жұмыс істеу үшін жұмыс тобын құруы мүмкін. Заң жобасы бойынша негізгі жұмыс дәл осы жұмыс тобында жүреді. Комитет жұмыс топтарының құрамына заң жобасының бастамашыларын, мемлекеттік органдардың, консультативтік-кеңесші органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдерін, сарапшыларды, мамандарды, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларын тартуға құқылы.

Комитет заң жобасын тәуелсіз ғылыми және өзге де сараптамаларға жіберуге, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының үлгілік заңдарын және әлемдік тәжірибеде қолданыстағы ұқсас заңдарды пайдалануға құқылы.

Қарау нәтижелері бойынша бас комитеттің дайындайтыны:

- заң жобасын қабылдау немесе қабылдамау қажеттілігінің негіздемесі бар қорытынды;
- заң жобасын қарау нәтижелері туралы Мәжіліс қаулысының жобасы;
- Палатаның тұрақты комитеттері мен депутаттарының түзетулері жинақталған заң жобасына салыстырмалы кесте.

Бас комитеттің қорытындысында осы заң жобасы бойынша басқа тұрақты комитеттердің пікірлері көрсетіледі. Заң жобалары Мәжілістің жалпы отырысында олар бойынша Палата-

ның барлық тұрақты комитеттерінің және Палата Аппаратының заңнама бөлімінің қорытындылары болған жағдайда ғана қаралуы мүмкін.

Егер заң жобасында кемінде екі оқылым жүргізу қарастырылған болса, онда бас комитет бірінші оқылымда қаралуға жататын Мәжілістің жалпы отырысында талқылау үшін тұжырымдамалық ережелерді дайындайды.

Жалпы отырыста қарауға дайындалған заң жобасын, оған арналған материалдарды, сондай-ақ Аппараттың Заңнама бөлімінің қорытындысын бас комитет Мәжілістің жалпы отырысында қарауға енгізу үшін отырысқа дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Палата Бюросына жібереді. Палата Бюросы бас комитеттің қорытындысын ескере отырып, жалпы отырыстың күн тәртібіне заң жобасын қосу туралы ұсыныс енгізеді.

### ***Жалпы отырыста қарау.***

Жалпы отырыс – Парламент палаталары жұмысының маңызды ұйымдастырушылық нысаны. Оған Парламенттің барлық депутаттары қатысады.

Мәжілістің жалпы отырыстарында заң жобаларын қарау бір оқылымда немесе бірнеше оқылымда (егер мұндай шешімді Палата нақты жобаға қатысты қабылдаған болса) жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер қарау бірнеше оқылымда жүзеге асырылса, онда заң жобасын бірінші оқылымда Палата заң жобасының тұжырымдамалық ережелерін талқылайды және түзетулер түріндегі ұсыныстар мен ескертулер енгізеді. Екінші оқылымда заң жобасын талқылау бап бойынша, бөлімдер бойынша немесе тұтастай жүргізіледі.

Егер оқу барысында Палата ұсынылған жоба оның тұжырымдамасын немесе жекелеген баптарының мазмұнын өзгертетін түзетулер енгізуді талап етпейді деп таныса, Палата оны мақұлдайды. Егер заң жобасы бірнеше оқылымда қаралса, онда бас комитет депутаттар енгізген барлық түзетулерді ескере отырып, жобаны екінші оқылымға дайындайды.



Заң жобасы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Бірақ заң жобасын қарау нәтижелері бойынша оны жөнге келтіру үшін комитетке қайтару, келесі оқылымдарды өткізу сияқты басқа шешімдер де қабылдануы мүмкін. Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасын жалпы қабылдамауға құқылы. Қабылданбаған заң жобасы қабылданбаған болып есептеледі және бастамашыға қайтарылады. Баламалы заң жобаларын енгізумен, бірінші немесе кейінгі оқылымда мақұлданған заң жобасына түзетулер енгізумен, қосымша шығындарды немесе мемлекеттік бюджет кірістерін азайтуды талап ететін түзетулерді енгізумен, шұғыл заң жобаларымен, депутаттардың түзетулер бойынша баламалы ұсыныстарымен және т.б. байланысты әртүрлі рәсімдер бар.

## **2. Заңды Сенатта қарау.**

### **Заңды Сенатқа енгізу.**

Мәжіліс қабылдаған Заң Сенатқа беріледі.

Мәжілістен түскен заң Сенат Аппаратында тіркелген күннен бастап Сенатта алпыс күннен астам емес мерзімде қаралады.

### **Комитетте қарау.**

Заң Сенатта тіркелгеннен кейін Сенат Бюросы дайындау мерзімін және ол бойынша қорытынды дайындауға жауапты Палатаның бас комитетін белгілейді және Сенат Аппараты арқылы заңды Сенат Аппаратының комитеттері мен бөлімдеріне жібереді.

Бас комитет Сенат комитеттерінің және Сенат Аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелерінің жалпылау үшін заң бойынша қорытындылар беру мерзімін белгілейді, ол Сенатта заң тіркелген күннен бастап он күннен кем емес және он бес күннен астам емес болуы керек.

Қазақстан Республикасының Президенті арнайы жолдауымен заң жобасын қарауды басымдылық деп жариялаған жағдайда, қорытындыны дайындауға қажетті мерзім күнтізбелік жеті күннен аспауы керек.

Сенат комитетінде заң жобасын қарау кезінде жұмыс топтары да құрылуы мүмкін.

### ***Жалпы отырыста қарау.***

Оң қорытынды алынған жағдайда заң жобасы жалпы отырысқа шығарылады. Палатаның шешімі бойынша заң жобалары екі және одан да көп оқылымда қаралуы мүмкін.

Талқылау нәтижелері бойынша Сенат келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- заңды мақұлдау;
- заңды толық немесе ішінара Мәжіліске қайтару.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күн ішінде Президенттің қол қоюына ұсынылады. Егер Сенат алпыс күн ішінде тиісті шешім қабылдамаса, заң Президенттің қол қоюына ұсынылады.

### ***3. Келіспеушіліктерді шешу.***

#### ***Сенат пен Мәжіліс арасындағы келіспеушіліктер.***

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен толық немесе ішінара қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Мәжіліс депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен заңның кейбір баптарының Сенат ұсынған редакциясымен келіссе, заңды Мәжіліс жаңа редакцияда қабылдайды және ол Сенатпен мақұлданды деп есептеледі де, он күн ішінде Президентке қол қоюға ұсынылады.

Мәжіліс сол дауыс көпшілігімен Сенат ұсынған заңның кейбір баптарының редакциясына қарсылық білдірсе, сондай-ақ Сенат заңды тұтастай мақұлдамаса, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Келіспеушіліктерді еңсеру үшін Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының тең санының қатысуымен келісім комиссиясын құрады. Келісім комиссиясының жұмысына заң шығару баста-

машылығы құқығының субъектісі кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады. Көбінесе мұндай субъект Үкімет болып табылады.

Комиссия шешімді ашық дауыс беру арқылы оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

Заңның келісім комиссиясы әзірлеген нұсқасы Мәжіліс пен Сенаттың қарауына жатады. Заң Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданады.

Мәжіліс заңды келісім комиссиясы ұсынған редакцияда палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайта дауыс беруді жүргізеді.

Егер қайта дауыс беру кезінде Мәжіліс бұрын қабылданған шешімді палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бекітсе, заң он күн ішінде Президенттің қол қоюына ұсынылады.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

### ***Парламент пен Президент арасындағы келіспеушіліктер.***


Президенттің қарсылықтары болған жағдайда, мұндай қарсылықтар тудырған заң немесе заңның баптары бойынша олар жіберілген күннен бастап бір ай ішінде қайта талқылау және дауыс беру өткізіледі.

Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

Әрбір палата мәселені жеке қарайды. Мәжіліс пен Сенат әрбір палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды.

Егер Президенттің қарсылықтарын Палаталардың ең болмағанда біреуі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

## ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТТЕН ӨТУ ТӘРТІБІ



## 1.6. Үкіметтік емес ұйымдардың заң шығару процесіне қатысуы

---

Азаматтық қоғам ұйымдарының заң шығару қызметіне қатысу қажеттілігін асыра бағалау мүмкін емес. Нағыз сапалы заң қабылдау үшін Парламент депутаттарының, түрлі мемлекеттік органдар өкілдерінің, сарапшылардың ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік емес сектор немесе, жиі айтылатындай, азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуы қажет.

Қазір көптеген мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйымдар (үкіметтік емес), бейресми қоғамдар, әртүрлі салаларда әрекет ететін азаматтар туралы айтып жатырмыз. Дәл солар заң шығарушының назарын талап ететін осал жерлерді көрсете алады, мәселелерді шешу жолдарын ұсынып, мемлекеттің шамадан тыс араласуынан сақтандыра алады.

Мұндай қатысудың маңыздылығы әртүрлі бағдарламалық құжаттармен расталады. Осылайша, қоғамның заң шығару процесіне қатысуының сан алуан нысандарын дамыту және олардың еліміздің құқықтық саясатындағы рөлін арттыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында азаматтық қоғамды дамыту қағидаттарының бірі ретінде белгіленген.

Сол құжатта азаматтық қоғамды заңнамалық бастамаларды талқылау үдерісіне тарту, азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының заң жобаларының тұжырымдамаларын талқылауға, заңдарды әзірлеуге және қабылдауға қатысу нысандары мен рәсімдерін жетілдіру қажеттігі бірнеше мәрте атап көрсетілген.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдардың заң шығару қызметіне қатысуы үшін келесі мүмкіндіктері бар:

- Үкімет бекітетін заң жобалау жұмыстарының жоспарына ұсыныстар енгізу;

- заң шығару бастамашылығы бар субъектілерге (Президентке, Үкіметке, депутаттарға) заң жобасын ұсыну құқығы.

Ұсыныстар Үкіметтің заң шығару бастамашылығы тәртібімен заңдарды әзірлейтін орталық мемлекеттік органдарға (министрліктерге) де жолдануы мүмкін. Бұл органдар оларды заң жобаларына негіз ретінде қабылдауы немесе оларды одан әрі әзірлеу мен қабылдауды орынсыз деп тануы мүмкін;

- заң жобаларын дербес әзірлеу.

Үкіметтік емес ұйымдар Қазақстан Республикасы Президенті немесе орталық мемлекеттік орган тапсырған жағдайда рәсімдік заң шығару процесінде заңдар әзірлей алады;

- реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын дайындауға қатысу.

Қажет болған жағдайда мұндай құжатты дайындауға үкіметтік емес ұйымдар тікелей тартылуы мүмкін;

- консультативтік құжаттарды, заң тұжырымдамаларының жобаларын, заң өздерінің жобаларын жария талқылауға қатысу.

Заңнамада ашық НҚА интернет-порталында (<https://legalacts.gov.kz/>), мемлекеттік органның интернет-ресурстарында аталған құжаттарды жария талқылау үшін міндетті түрде орналастыру талаптары көзделген. Үкіметтік емес ұйымдар интернет-ресурстарда өз ойын білдіре алады, сондай-ақ жария тыңдаулар мен пікірталастарға қатыса алады.

Тағы бір мүмкіндік – мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестерге өз өкілдерін қатыстыру. Заңнамада қоғамдық кеңестерді хабардар ету және оларды заң жобаларын талқылауға қатыстыру туралы талаптар көзделген, бұл үкіметтік емес ұйымдарға заң жобасына ден қоюға мүмкіндік береді;

- жұмыс топтарына қатысу.

Үкіметтік емес ұйымдар уәкілетті орган заңды әзірлеу кезінде, жобаны Парламент Мәжілісінде немесе Сенатта талқылау кезінде өз өкілдері арқылы жұмыс топтарына қатыса алады;

- сарапшылар ретінде қатысу.

Заң жобалары бойынша әртүрлі сараптамалар жүргізілуі мүмкін. Бұл процеске үкіметтік емес ұйымдар тікелей емес, бірақ өз сарапшылары арқылы тартылуы мүмкін.

- Парламент депутаттарына, Президентке және басқа да мемлекеттік органдарға заң жобаларын қарауға байланысты түрлі өтініштер жолдау.

Үкіметтік емес ұйымдар жеке мәселелерге назар аудара алады, әзірленіп жатқан, қаралып жатқан немесе қабылданған заң жобалары бойынша өз пікірлерін білдіре алады;

- құқықтық мониторингке қатысу, ол қабылданған нормативтік құқықтық актілеріндегі Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшылықтарды, қайталануларды, олқылықтарды, тиімсіз іске асырылып жатқан, ескірген және сыбайлас жемқорлыққа ұшыраған құқық нормаларын анықтау және қабылданған нормативтік құқықтық актілерді іске асыру тиімділігін болжау, талдау, бағалау арқылы оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

Мемлекеттік органдар мұндай мониторингті қоғамдық және ғылыми ұйымдардың, азаматтардың ұсыныстарын ескере отырып жүзеге асырады.

Заң шығару процесіне қатыса отырып, ҰЕҰ Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің саяси деңгейдегі де, нормативтік деңгейдегі де соңғы шешімдері мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдарды заң шығару процесіне одан да көбірек қатыстыруға мүдделі екенін көрсетеді.

## 2-ТАРАУ

# ЗАҢДАРДЫ БАЯНДАУҒА, РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

### 2.1. Заң техникасының негіздері

---

Қазақстан Республикасының құқықтық дамуының қазіргі кезеңінде заңдарды дайындау сапасын арттырудың, қабылданған актілер мен оларды іске асыру тетіктерін тереңірек ғылыми тұрғыдан зерделеуді қамтамасыз етудің объективті қажеттілігі орын алды.

Заң шығару қызметінің тәжірибесі көрсеткендей, көп жағдайларда қабылданатын заңдар асығыс әзірленеді, алуан сілтемелік нормалары мен олқылықтары бар, баяндау нысаны жетілдірілмеген, қос мәнділікпен және техникалық-құқықтық қателерімен ерекшеленеді. Жанама түрде мұны қабылданған заңдарға түзетулер енгізудің жиілігі, сондай-ақ конституциялық бақылау тәжірибесі дәлелдейді.

Асығыстық заң шығару субъектілеріне жағдайды толық бағалауға және заңнамалық ресімдеуді қажет ететін туындаған мәселені сыни тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік бермейді. Заң жобасы барлық қажетті рәсімдер циклінен өтуге үлгермейді. Өткізілетін сараптамалар көбінесе маман емес адамдармен жүргізіледі, олар формальды сипатта болады, ғалымдардың доктриналық тәсілдерін ескермейді.

Мұндай қателіктер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қалыптастырады, құқық нормасын басқаша түсінуге жол береді, құқықтық реттеу мақсаттарына қол жеткізуді қиындатады, нәтижесінде заңның сапасы мен құқықтық жүйенің тұрақтылығына теріс әсерін тигізеді.

Көбінесе бұл жағдай заң әзірлеушілердің кәсіби деңгейінің төмендігіне, бәсекелестік пен қоғамдық бақылаудың жоқтығына, сондай-ақ құқықтық актілерді талқылау процесіне азамат-



тық қоғам институттарының қатысуының төмен деңгейде болуына байланысты.

Осыған байланысты тиімді құқық нормасын құру құралы ретіндегі заң техникасының маңыздылығын асыра бағалауға болмайды.

Заң техникасы, ғалымдардың пікірінше, «*нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және жүйелеу кезінде оларды жетілдіруді қамтамасыз ету үшін қабылданған қағидаларға сәйкес қолданылатын әдістердің, қағидаттардың, құралдардың және тәсілдердің жиынтығы*»<sup>20</sup> болып табылады.

Мазмұны жағынан бұл феномен күрделі және көп құрамды құбылыс болып табылады, оны зерттеу құқықтық актілердің сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар ұсынымдарды әзірлеуге мүмкіндік береді.

ҚА туралы заң заң техникасын «*құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығы*» деп түсінеді.

Заң техникасының қағидалары заң шығару тәжірибесімен әзірленген және оларға белгілі бір әдістерден басқа нормативтік құқықтық актілерді дайындау мен жүйелеуде қолданылатын нақты қағидаттар кіреді.

Қазақстан Республикасында құқық нормасын құру процесі Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы «Әділет органдары туралы» Заңының<sup>21</sup> 19-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына және ҚА туралы заңның 17-1-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Осы заңдардың негізінде Үкіметтің заң шығару жұмысының қағидалары әзірленді.

Аталған, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілер реттеушілік саясаттың консультативтік құжаттарын, заң жобаларының тұжырымдамаларының жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамашылығы

<sup>20</sup> Заң техникасы: оқулық / Ю.К. Краснов, В.В. Надвикова, В.И. Шкатулла. - М.: Юстицинформ, 2014. 3-бет; Маршакова Н.Н. Заң техникасы: түсінігі, түрлері, құралдары, негізгі қызметтері және мәні // Заң техникасы. 2007. № 1. 52-58-бет; Кашанина Т. В. Заң техникасы: оқулық / Т. В. Кашанина. - 2-басылым, қайта қаралған - М.: Норма : ИНФРА-М, 2011. С. 18-19-бет және т.б.


<sup>21</sup> Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2002. № 6. 27-бет.

тәртібімен дайындалатын заң жобаларын әзірлеу, орналастыру, жария талқылау, келісу тәртібін айқындайды, бұл алдыңғы тарауда ашылған болатын.

Заң жобасына ілеспе міндетті құжаттардың қатарында заңға қоса тіркелген түсіндірме жазба да ерекшеленеді. Онда заң жобасының мақсаттары, міндеттері және негізгі ережелері егжей-тегжейлі сипатталған заң жобасын қабылдау қажеттілігінің негіздемесі бар. Түсіндірме жазба заң жобасы туралы жалпы мәліметтер алуға мүмкіндік береді және халықтың келешек реттеушілік саясат туралы хабардар болу деңгейін арттыруға көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандай, заң техникасы заң шығарушы белгілеген *әдістерді, қағидаларды және тәсілдерді қамтиды*, олардың сақталуы нормашығармашылық процесінің сапасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Құқық теориясында *заң техникасының әдістері* деп заң ғылымы мен тәжірибесінің заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді жасау процесіне қоятын барынша ортақ талаптар түсініледі. Қазіргі кезде ғалымдар олардың қатарына, ең алдымен, арасында *адамгершілік, әділдік және ғылыми негізділік*<sup>22</sup> қағидаттары ерекшеленетін әдіс-қағидаттарды жатқызады.



<sup>22</sup> Кашанина Т.В. Аталған еңбек 32-38-бет.; Краснов Ю.К., Надвикова В.В., Шкатулла В.И. Аталған еңбек. 24-26-бет.; Калина В.Ф. Заң техникасы: оқулық / В. Ф. Калина. - М.: Юрайт баспасы, 2016. 18-22-бет.

*Адамгершілік қағидаты* бірыңғай құқықтық жүйенің барлық институттары мен салаларына енеді. Ол адам, оның өмірі мен құқықтары мемлекеттегі ең жоғары құндылық деп қарастырады. Конституциялық ғана емес, салалық заңнамада да бекітілген бұл тәсілдің мәні жеке адамға құрметпен қарауда, құқықтық актілерді әзірлеу кезінде оның мүдделерін барынша толық көрсетуде жатыр.

*Әділдік қағидаты* құқықтық актілерді әзірлеушілерді құқықтық актілерді дайындау кезінде қандай да бір субъективтілікті, жеке, ведомстволық немесе өзге де мүдделілікті болдырмау мақсатында шындықты әділдікпен қабылдауға, әртүрлі ақпаратты, көзқарастар мен тәсілдерді ескеруге бағыттайды.

*Ғылыми негізділік қағидаты* (немесе ғылымилық қағидаты) құқықтық актіні әзірлеу кезінде қазіргі заң ғылымының жетістіктерін пайдалануы тиіс, сондай-ақ құқық нормаларын қолданудың практикалық тәжірибесін зерделеу қажет дегенді қарастырады.

Бұл қағидаттарды қолдану міндетті болып табылады, өйткені олар құқық шығару қызметінің мазмұнын анықтайды. Құқықтық актілерді әзірлеу кезінде оларды елемеу нормашығармашылық процесінде және оның нәтижелерінде күрделі мәселелер мен кемшіліктерге әкелуі мүмкін.

Құқықтық актілерді әзірлеудің ерекшелігі – бұл процесс белгілі бір қағидат-әдістерге ғана бағынып қоймайды, сонымен қатар жеке қандай да бір норманың немесе жалпы құқықтық актінің тиімділігін қамтамасыз ететін басқа да әдістердің негізінде жүреді.

*Салыстырмалы әдіс.*

Заң жобаларын дайындау кезінде әрекеті құқықтық ұғымдарды салыстыруға, сондай-ақ олардың арасындағы ұқсастықтарды немесе айырмашылықтарды анықтауға бағытталған салыстырмалы талдау әдісі үлкен рөл атқарады. Бұл әдіс салыстырмалы құқықтану саласында да, заң шығару техникасында да, құқық қолдану қызметінде де кеңінен қолданылады. Заңдарды дайын-

даған кезде норманың мазмұнын ғана емес, сонымен қатар заң шығару қызметінде тәжірибесі пайдаланылатын елдің құқықтық, тарихи, мәдени, ұлттық дәстүрлерін де ескеру өте маңызды.

*Әлеуметтік әдіс.*

Әлеуметтік әдіс нақты деректер негізінде құқықтық құбылыстарды зерттеуден тұрады. Оған келесі тәсілдер кіреді: статистикалық деректерді талдау, халыққа сұрау салу, сұхбат алу, сауалнама жүргізу және т.б.

*Заң техникасының қағидалары.*

Заң техникасының қағидалары заң әдебиетінде толық сипатталған.<sup>23</sup> Мамандардың пікірінше, олар «құқықтық актіні әзірлеу процесіне қойылатын нақты талаптарды білдіреді». Заң техникасының қағидалары 3 үлкен топқа бөлінеді:

- **тілдік** (заң мәтіндерінің айқындылығы, дәлдігі, мәтінде қолданылатын терминдердің бір мәнділігі, синтаксистік құрылымдардың жетілгендігі, нормаларды білдіру тәсілдерінің тұрақтылығы қағидалары және т.б.);
- **логикалық** (теңбе-тең объектілерді түсіндірудің теңбе-теңдігі, құқықтық акт мәтінін құрылымдау, құқықтық нормативтердің қабаттасуы қағидалары және т.б.);
- **гносеологиялық** (әлеуметтік құбылысты барабар лингвистикалық құралдармен көрсету, құқықтық актінің реттеу пәнін анықтаудың дәлдігі, әзірленіп жатқан актінің мән-мәтінін түсіну қағидалары).

**Заң құрылымы.**

Нормативтік құқықтық актінің логикалық бірізділігі мұндай актілердің белгіленген құрылымын қатаң ұстануды талап етеді. Нормативтік құқықтық актілердің құрылымына қойылатын талаптар ҚА туралы заңның 23-бабында баяндалған.

<sup>23</sup> Мамитова Н.В. Заң техникасы қағидаларының құқықтық негізі. Заңгер-құқықтанушы. 2014. №5. 20-22-бет; Бражник С.Д., Касаткина Н.Т. Заң техникасындағы лингвистикалық (тілдік) қағидалар. Заң ғылымы. 2014. №3. 10-12-бет және т.б.

Өз құрылымы немесе ішкі құрылысы бойынша заң жобасы келесі элементтерді қамтуы тиіс:<sup>24</sup>



**1. Заголовок 1. Тақырып** мәтінді бағалаушылық қабылдауда аса маңызды рөл атқаратын Заңның міндетті деректемесі болып табылады. Онда, қысқаша түрде, орындаушыларға жедел ақпараттық іздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық реттеу заты көрсетілуі тиіс. Мысалы: «Азаматтық туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», «Жарнама туралы» Заң, т.б.

**2. Преамбула** – заңның кіріспе және дербес бөлігі, онда заңды қабылдаудың негізгі мақсаттары, сондай-ақ реттелетін құқықтық қатынастардың салалары көрсетіледі. Преамбулада құқық нормалары болмайды, бірақ ол өз мақсаты бойынша заң шығарушының ниетін белгілеуге арналған. Преамбула тармақтар мен тармақшаларға бөлінбейді және онда басқа нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер болмайды.

<sup>24</sup> Нормативтік құқықтық актілерді рәсімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы): Әдістемелік құрал / Ред. алқ. басш. және ред. Р.Қ. Сарпеков. – Астана: «Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» ММ, 2019. 34-35-бет.

**3. Негізгі бөлік** құқықтық қатынастардың қозғалатын саласын құқықтық реттеу құрылатын негізгі қағидаттар болып табылатын жалпы нұсқамаларды қамтиды. Заңды дайындаған кезде заңның осы бөлігіне ерекше назар аудару керек, өйткені дәл онда заңның мазмұнын құрайтын міндетті белгілеулер баяндалады. Заң заңда қолданылатын терминдердің мазмұнын түсіндіретін ұғымдық аппаратты қамтуы тиіс, оны түсінбестен бұрын нормативтік құқықтық актіні тиісті түрде түсіну және қолдану мүмкін емес. Қолданылатын терминдер арнайы да, жалпы да болуы мүмкін, алфавиттік ретпен орналастырылады.

Сонымен қатар, терминдерге тым көп көңіл бөлмеу керек, өйткені біздің шындықтың барлық құбылыстарын нормативтік тілмен сипаттау мүмкін емес.

Негізгі бөлік нақты логикалық дәйектілікпен баяндалады, оның қолданылу аясының көрсеткішін қамтиды. Бұл бөлікте сондай-ақ қағидаттар болуы мүмкін.

**4. Құқықтық нұсқамалар** нормативтік құқықтық актінің өте маңызды бөлігі болып табылады. Барлық басқа құрылымдық элементтер, қандай да бір жолмен, осы бөлікке бағынады. Құқықтық нұсқамаларда құқықтық қатынас субъектілеріне белгілі бір әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау талаптары болуы немесе мінез-құлықтың белгілі бір үлгісін көрсетуі мүмкін. Көбінесе дәл сол нұсқамаларда заңның реттеуші қасиеті кездеседі: рұқсат ету, тыйым салу, міндеттеу, шектеу және т.б.

Бұл талаптар нормативтік құқықтық акті мәтінінің *тиісті бірліктерінде* (баптарында, тармақтарында, тармақшаларында, бөліктерінде және абзацтарында) *көрсетілген және тікелей бекітілген*.

*Атқарылатын қызметтеріне байланысты нормативтік құқықтық нұсқамалар реттеуші* (құқық белгілейтін, құқықты өзгертетін, құқықты тоқтататын және т.б.) және қорғаушы (құқық қамтамасыз ететін, ескертпелі, құқықты қалпына келтіретін, жазалаушы, т.б.) болып бөлінеді.

Кейбір нормативтік құқықтық актілерде (мысалы, кодекстерде) сондай-ақ белгіленген нұсқамаларды орындамағаны үшін санкциялар көрсетіледі.

**5. Өтпелі және қорытынды ережелер.** Бұл бөлімде нормативтік құқықтық актінің негізгі бөлігінде көрсетуге болмайтын қосымша ережелер, сондай-ақ нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізілу тәртібі көрсетіледі.

Логикалық тұтастық талаптарына сәйкес, нормативтік құқықтық акт оны қабылдау мақсаттарына және оның алдында тұрған негізгі міндеттерге нақты жауап беруі тиіс.

## **2.2. Заңдарға қойылатын терминологиялық және лингвистикалық талаптар**

---

Заң мәтінін баяндау тілі айқындылығының мәселесі, оның сауаттылығы, дәлдігі мен бірмәнділігі заң шығару мәдениетіне тікелей қатысы бар және тек заң арнасында ғана емес, филология ғылымының саласында да бар.

Заңның дұрыс рәсімделген мәтіні, оның аудармасының сәйкестігі, терминологиялық анықтығы және басқа да элементтері заң шығару мәдениетінің деңгейін, заң шығару бастамашылығы субъектілерінің кәсіби деңгейін көрсетеді және заң шығарудың ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Нормативтік құқықтық актінің баяндау стиліне қойылатын талаптарды сақтамау және логикалық жүйесінің болмауы көбінесе заң техникасы қағидаларының бұзылуына әкеп соғады және заңның тиімділігіне теріс әсерін тигізеді.

Заң шығарушы заңдарды дайындаған кезде айрықша заң терминдерін, стилистика мен бұрылыстарды, сондай-ақ заң шығарушылық ойды білдіру тәсілдерін қолданатын заң тілінің ерекшелігі де бар.

Осыған байланысты «заң тілі» мәселелерін, заң тілі мен стиліндегі терминологиялық дәлдікті сақтау мәселелерін және оның негізгі қағидаларын сипаттау нормативтік сөйленімдердің

құқық қорғау органдарымен, сондай-ақ азаматтармен барабар қабылдануын қамтамасыз етуге арналған.

Заң шығару техникасы саласындағы үлкен маман, профессор Д.А. Керімов «заңдарды (басқа да нормативтік актілерді) жасау жөніндегі табысты қызмет, ең алдымен, заң шығарушының құқықтық мәдениетіне, оның өз миссиясына шынайы шығармашылықпен қарауына, заң ғылымы мен заң шығару техникасының тәсілдерін білуіне байланысты. Заңдарды жасау – ойластырылған және жауапты қарауды талап ететін таза шығармашылық іс.

Бұл процесс тек құқықтық реттеудің шешімдерін іздеуді ғана емес, сонымен қатар заңдардың техникалық құрылысын да қамтиды. Ал заң мәтіні неғұрлым жетілдірілген болса, оны жүзеге асыруда соншалықты қиыншылықтар аз болады. Дәл сондықтан заңның стилі мен тілі заң шығармашылығының негізін құрайды»,<sup>25</sup> - деп ескертеді.

Әрине, терминологиялық және лингвистикалық талаптарды білу және пайдалану заң шығару субъектілеріне ықтимал қателерді барынша азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ заңның жекелеген ережелерін түсіндіру қажеттілігін жоққа шығарады. Сонымен қатар, заңның анық және түсінікті тілі депутаттық корпусның біліктілік деңгейін және оның шынайы ниетін көрсететін заң шығарушының бастапқы еркін түсінудің ең маңызды шарты болып табылады.

Мәселенің маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасында нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерінің мазмұны мен баяндау стиліне қойылатын талаптар ҚА туралы заңның 24-бабында белгіленген, олардың сақталуы міндетті.

Заңнамалық актілерді рәсімдеудің қалыптасқан тәжірибесіне және заң техникасының жалпы ережелеріне сүйене отырып, нормативтік құқықтық актінің стиліне, логикасына және тіліне қойылатын келесі талаптарды бөліп көрсетуге болады:

<sup>25</sup> Керімов Д.А. Заң шығару техникасы. Ғылыми-әдістемелік және оқу құралы - М., НОРМА-ИНФРА баспа тобы. 1998. 6-8-бет.



1. НҚА мәтіні әдеби тілдің, заң терминологиясының және заң техникасының нормаларын сақтаумен баяндалып, бірыңғай қаріппен басылуы тиіс.
2. Оның ережелері өте қысқа болуы, әр түрлі түсінуге жатпайтын нақты мағынасы болуы тиіс.
3. Мәтінде мағыналық және құқықтық жүктемені көтермейтін декларативті сипаттағы ережелер болмауы тиіс.
4. Мәтінде ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз тіркестерін, эпитеттерді, метафораларды, сөздердің қысқартуларын қолдануға жол берілмейді.
5. Қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкестігі болуы тиіс.
6. Мәтінде құқықтық реттеу қағидаттары, сондай-ақ негізгі ұғымдар (глоссарий) болуы, сондай-ақ заң қолданысқа енгізілгеннен кейін өзге де нормативтік құқықтық актілердің қолданылу тәртібі мен талаптары реттелуі мүмкін.
7. Өтпелі ережелерде ол күшіне енгенге дейін қатынастарды реттеу тәртібі көрсетіледі, құқықтың жаңа нормаларына өтудің мерзімдері мен тәсілдері белгіленеді.
8. Қорытынды ережелерде НҚА күшіне енуі, бұрын шығарылған актінің күші жойылды деп тану туралы нормалар бекітіледі. Нақты актіні орындау және дамыту мақсатында, қажет болған жағдайда, басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерді шығаруы туралы талаптар белгіленеді.
9. Мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атаулары мәтінде ресми атауына сәйкес толық және бүкіл мәтін бойынша біркелкі баяндалады.
10. Нормативтік құқықтық акт мәтінінің қарапайымдылығы мен қысқашалығын қамтамасыз ету мақсатында, нормативтік құқықтық актінің мәтінінің өзінде қысқартудың немесе аббревиатураның мағынасын толық жазумен мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың атауларын қысқартуға рұқсат етіледі.

Заң көбінесе субъективті және объективті факторлардың әсерінен туындайтын күрделі қоғамдық қатынастарды реттейді. Оларды реттеу үшін заң шығарушы құқықтық актіні дәлірек және қысқаша тұжырымдауға мүмкіндік беретін арнайы терминдермен толтырады.

Сонымен бірге, Д.А. Керімов «заңнамалық мәтінді арнайы терминологиямен толтырудың барлық объективті қажеттілігі мен пайдалылығына қарамастан, оны теріс пайдаланбаған жөн», - деп атап өтеді<sup>26</sup>.

Қолданылатын терминдер жеткілікті түрде өңделген, анықталған және жетілген болуы тиіс. Сөздік-құжаттық баяндау құралдары бола тұра, терминдер сонымен қатар құқықтық нормаларды құрудың бастапқы материалы ретінде қызмет етеді. Заңда қамтылған мәліметтер айқын, түсінікті тілде берілуі және терминологиялық сауаттылығымен сипатталуы тиіс<sup>27</sup>.

Сонымен, заң терминологиясы «белгілі бір білім немесе қызмет саласының ұғымдарын білдіретін табиғи тілдегі лексикалық бірліктердің жиынтығы болып табылады». Басқаша айтқанда, бұл акт мәтінде тікелей көрсетілген белгілі бір ұғымның ауызша белгіленуі.

Заң терминологиясының заң техникасындағы маңызы зор, ол заң шығарушының еркін құқықтық тұрғыдан білдіруде бастапқы буын қызметін атқарады.

Өз кезегінде, заң терминологиясы өте алуан түрлі және әртүрлі негіздер бойынша жіктелуі мүмкін. Төменде заң әдебиетінде берілген негізгі жіктеулер көрсетілген<sup>28</sup>.

## **А. Құқықтық қолдану саласына қарай заң терминдері заң ғылымының терминдері және заң тәжірибесінің терминдері болып бөлінеді.**

<sup>26</sup> Керімов Д.А. Аталған еңбек. 65-бет.

<sup>27</sup> Пономарева Е.В., Герасимов А.П. Заң терминологиясы заң техникасының техникалық-заң құралы ретінде // Құқықтық мемлекет: теория мен тәжірибе. 2015. № 4. 49-50-бет; Федулова М.Н. Заң терминологиясы терминология ғылымының құрамдас бөлігі ретінде // Кострома мемлекеттік университетінің хабаршысы. 2017. № 4. 193-195-бет.

<sup>28</sup> Толстик В.А. Заң терминологиясын жіктеу мәселелері // Экономика мен құқықтың өзекті мәселелері // Экономика мен құқықтың өзекті мәселелері. 2013. № 2. 176-177-бет.

Заң тәжірибесі саласында қолданылатын кез келген дерлік термин ғылыми заң лексикасына тартылады, ал әрбір доктриналық термин қандай да бір құқықтық құжаттарда көрсетіле бермейді.

## **Б. Тілде қолданылу көлеміне қарай терминдерді жалпықолданыстық және арнайы деп екі топқа бөлуге болады.**

1. *Жалпықолданыстық терминдер* - нормативтік материалды баяндау кезінде қолданылатын терминдер. Олардың кеңінен қолданылады және заңның мақсаты мен мазмұнын түсінуге бағытталған.

Бұл терминдер ауызекі сөйлеуде, көркем және ғылыми жұмыстарды жазғанда, іскерлік құжаттарда және т.б. қолданылады. Олар қарапайым және көпшілік азаматтарға түсінікті.

Мысалы, заңдарда көбінесе «қоныс аудару», «табылған зат», «жоғалған зат», «кісі өлтіру», «жаппай улану», «қорғау», «адам» және т.б. сияқты терминдер қолданылады.

2. *Арнайы терминдер* – бұл қатаң заң терминдері, олар заң білімі жоқ адамдарға көбінесе түсініксіз болады (мысалы, «промульгация», «контрасигнатура», «сот қарауы», «әкімшілік акт», «сенімсіздік білдіру», «транзакция» және т.б.

Басқаша айтқанда, олар ғылыми білімнің белгілі бір саласында жасалады және пайдаланылады да, көбінесе мамандарға ғана түсінікті болып саналады.

Заң шығарушы заңдарды әзірлеу кезінде мүмкіндігінше арнайы терминдер тізімін қысқартуы немесе олардың заңи мағынасын түсіндіретін толыққанды глоссариймен заңды толықтыруы тиіс деп ойлаймыз. Әйтпесе, олардың әртүрлі түсіндірулері пайда болуы мүмкін. Заңдар мен басқа да құқықтық актілерде қолданылатын арнайы терминдер біржақты түсінуді талап ететінін де ескерген жөн.

Сонымен қатар, қысқалық пен айқындық қағидаттарын сақтай отырып, аталған терминдердің орынды үйлесімі мамандарға ғана емес, сондай-ақ халықтың кең тобына түсінікті, жеңіл оқылатын Заң дайындауға мүмкіндік береді.

## **В. Заң ғылымы мен тәжірибесінде терминдердің таралу аясына қарай терминдер келесі түрлерге бөлінеді: жалпы құқықтық, салааралық және салалық.**

1. *Жалпы құқықтық* терминдер конституциялық, әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, еңбек және құқықтың басқа салаларында қолданылады және әмбебап болып табылады. Оларға «қағидадтар», «заң», «құқық нормасы», «құқықтық қатынас», «юрисдикция», «заңдылық», «құқықтық субъектілік» және т.б. сияқты терминдерді жатқызуға болады.

2. *Салааралық терминдер* құқықтың екі немесе одан да көп құқық салаларында кеңінен қолданылады. Оларға «жауапкершілік» (әкімшілік, конституциялық, қылмыстық және басқа да құқық салалары); «айыппұл», «жаза» (қылмыстық, әкімшілік және құқықтың басқа да салалары) сияқты терминдер жатады.

3. *Салалық терминдер* құқықтың бір саласында ғана қолданылады. Мысалы: «импичмент», «абсентеизм», «сенімсіздік білдіру» – конституциялық құқықта, «кісі өлтіру», «террорлық акт» – қылмыстық құқықта, «реституция», «виндикация» – азаматтық құқықта, «неке бұзу», «алименттер» – отбасы құқығында қолданылады және т.б.

## **Г. Бір мағыналылық дәрежесіне қарай заң терминдері келесі түрлерге бөлінеді:**

1. *Бір мағыналы заң терминдері* – әрқашан бір ғана мағынада қолданылатын тілдік бірліктер. Мысалы, ҚА туралы заңға сәйкес заң деп ең маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген негізгі қағидадтар мен нормаларды белгілейтін нормативтік құқықтық акт түсініледі.

Немесе жеке қолданудағы құқықтық акт – бұл уәкілетті органның өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын, құқық нормаларын қамтымайтын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға байланысты емес жазбаша ресми құжаты.

Азаматтық құқықта сатып алу-сату шарты – бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенетін, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және оған белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенетін шарт<sup>29</sup>.

*Көп мағыналы терминдер* өз мазмұнында бірнеше мағынаға ие. Мысалы, «брак» («неке») термині отбасы құқығы бойынша еркек пен әйел арасындағы одақ,<sup>30</sup> ал кәсіпкерлік құқықта «брак» («ақау») – белгіленген талаптарға сай келмейтін өнім.

Азаматтық құқықта міндеттемеге сәйкес несие берушінің (кепіл ұстаушының) борышқор кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған ретте кепілге салынған мүлік құнынан осы мүлік тиесілі адамның (кепіл берушінің) басқа несие берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар міндеттемені атқаруының осындай әдісі кепіл деп танылады.<sup>31</sup> Ал, қылмыстық-процестік құқықта – бұл қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген және қылмыс жасады деп айыпталған күдіктіге қолданылатын бұлтартпау шараларының бірі болып табылады<sup>32</sup>.

Осыған байланысты әзірлеуші заңды дайындаған кезде глоссарийде көп мағыналы терминдердің анық мағынасын көрсетуі немесе олардың қолданысын барынша азайтуы тиіс.

## **Д. Белгіленген ұғымның дәлдік дәрежесіне қарай терминдер: дәл (дәл мағыналы) және бағалаушы (бағалаушы ұғымдар) болады.**

1. «Дәл мағыналы» терминдер басқа (еркін) түсінуге немесе түсіндіруге жол бермейтін барынша айқын мағынаны қамтиды. Мысалы, «заң», «азаматтық», «шарт», «кісі өлтіру», «айыппұл» және т.б.

<sup>29</sup> 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 1999. № 16-17. 642-бет.

<sup>30</sup> Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2011. № 22. 174-бет.

<sup>31</sup> 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1994. № 23-24 (қосымша).

<sup>32</sup> 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. 2014. № 15-II. 88-бет.

